ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 25 тамыз №7119-25-00-2/7076 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы К. Бекмолдин отыруында ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«AMANAT S&M» жауапкершілік шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Байбутаев А.Ж.
жауапкер «AMANAT S&M» ЖШС өкілі: Жанқазақ А.А.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) мен «AMANAT S&M» ЖШС (бұдан әрі - Өнім беруші) арасында ашық конкурс мемлекеттік сатып алудың 2025 жылғы 3 наурыздағы №14021322-ОК1 қорытындылары негізінде нарық/әрекетті зерттеу/зерттеу/мониторинг/талдау қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алу туралы № 9 шарты (бұдан әрі – Шарт) жасалды. Шарттың жалпы сомасы 263 502 272 (екі жүз алпыс үш миллион бес жүз екі мың екі жүз жетпіс жеті теңге нөл тиын) теңгені құрады.

Техникалық ерекшелікке сәйкес, қызметтер Тапсырыс берушімен келісілген аналитикалық есептер, шолулар, зерттеулер, презентациялар және т.б. түрінде көрсетіледі.

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 02.09.2025
Дата вступления в законную силу: 03.10.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 06.10.2025
7119-25-3-1/6887

Министрлік және оның өкілдері көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізу барысында көрсетіліп жатқан қызметтердің техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтінін анықтады. Техникалық ерекшелікке сәйкес, қызметтер Тапсырыс берушімен келісілген аналитикалық есептер, шолулар, зерттеулер, презентациялар және т.б. түрінде көрсетіледі.

Алайда, Министрлік және оның өкілдері көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізу барысында көрсетіліп жатқан қызметтердің техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтінін анықтады.

Сол себептен шарт 26.06.2025 ж. талапкермен бір жақты бұзылған.

Жүргізілген зерттеу, мониторинг, талдау жүргізу қызметтерінің сапалы қорытындысы ҚР Президенті Әкімшілігі мен Үкімет аппараты тарапынан берілген мемлекет басшысы мен Премьер-министрдің Министрлікке берген тапсырмаларын орындау үшін қажет болған.

Жауапкердің өз міндеттемелерін бұзғанын ескере отырып «AMANAT S&M» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап арызды мойындамай, талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Істің мән-жайынан бойынша, 2025 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) мен «AMANAT S&M» ЖШС (бұдан әрі - Өнім беруші) арасында ашық конкурс мемлекеттік сатып алудың 2025 жылғы 3 наурыздағы №14021322-ОК1 қорытындылары негізінде нарық/әрекетті зерттеу/зерттеу/мониторинг/талдау қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алу туралы № 9 шарты (бұдан әрі – Шарт) жасалды.

Шарттың жалпы сомасы 263 502 272 (екі жүз алпыс үш миллион бес жүз екі мың екі жүз жетпіс жеті тенге нөл тиын) теңгені құрады.

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 02.09.2025
Дата вступления в законную силу: 03.10.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 06.10.2025
7119-25-3-1/6887

Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

Сонымен, Шартқа 1-қосымшаға сәйкес қызметтерді көрсету мерзімі жыл бойы деп көрсетілген.

Шарттың 3.1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 1.2-тармағына сәйкес техникалық ерекшілік Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Техникалық ерекшелікке сәйкес Өнім беруші нарықты/әрекетті зерттеу/зерттеу/мониторинг/талдау жүргізу қызметін көрсету қажет.

Аталған қызмет Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігін арттыру мақсатында оның даму перспективаларын талдау және бағалау жүргізу үшін қажет болған.

Техникалық ерекшелікке сәйкес, Өнім беруші тапсырмаларды жүзеге асыру бойынша келесідей іс-шараларды атқару керек:

1. Ішкі және сыртқы ауыл шаруашылығы нарықтарына, елдегі және әлемдегі геосаяси жағдайға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы нарығына әсер ететін негізгі оқиғалар мен қаржылық аспектілерге апта сайынғы талдау;

2. Ішкі ауыл шаруашылығы нарығының дамуын талдау және оның даму перспективалары;

3. Дүниежүзілік ауыл шаруашылығы нарығының дамуын талдау;

4. BI құралдарының көмегімен деректер базасын талдау.

Сонымен, Шарттың 4.1-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады.

Шарттың 4.2-тармағында осы Шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс деп көрсетілген.

Техникалық ерекшелікке сәйкес, қызметтер Тапсырыс берушімен келісілген аналитикалық есептер, шолулар, зерттеулер, презентациялар және т.б. түрінде көрсетіледі.

Министрлік және оның өкілдері көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізу барысында көрсетіліп жатқан қызметтердің техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтінін анықтады. Ол тәуелсіз сарапшының қорытындысымен анықталған.

Сол себептен шарт 26.06.2025 ж. талапкермен бір жақты бұзылған.

Жауапкер шарттың бұзылғанын сот тәртібімен дауламаған.

Айта керек, АІЖК-нің 72-бабын бұза отырып, жауапкер сонымен қатар техникалық шарттарға сәйкес нарық/әрекетті зерттеу/зерттеу/мониторинг/талдау қызметтерін тиісинше түрде орындағанын растайтын дәлелдемелерді сотқа ұсынбаған.

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 02.09.2025
Дата вступления в законную силу: 03.10.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 06.10.2025
7119-25-3-1/6887

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" мемлекеттік мекемесінің «AMANAT S&M» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«AMANAT S&M» ЖШС сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«AMANAT S&M» ЖШС мемлекет кірісіне 1 966 (бір мын тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж. Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 02.09.2025
Дата вступления в законную силу: 03.10.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 06.10.2025
7119-25-3-1/6887